

С.Ж. Асфендияров атындағы
Қазақ Ұлттық Медицина
Университеті



Kazakh National Medical University
Asfendiyarov

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті

С.Ж. Асфендияров атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

Кафедра:Терапиялық стоматологгия

**Тақырыбы:Тістердің реставрациясы және
көркемді үлгілеу.**

Орындаған:Өсербаев Ж.О

Факультет: Тіс емдеу.

Топ: 04-02

Қабылдаған:Сағатбаева А.Ж

Алматы - 2010 .

Реставрация-бұл тістің формасын, түсін және қызметін қалпына келтіру. Қазіргі заманғы дамыған стоматология реставрацияны-сәулеттік деп атауға мүмкіндік береді, себебі қазіргі заманғы стоматология реставрацияны-өнер туындыларымен салыстыруға мүмкіндік береді. Бет әлпетінің әдемі күлкісі-тістік жағдайымен анықталады.

Сәулеттік реставрацияның көмегімен дәрігер өзгерте алады:

- Тіс қатарын және формасын қалпына келтіру*
- Тіс қатарына қисайған тісті орнына орналастыру*
- Тіс түсін өзгерту*
- Тістер арасындағы ашық кеңістікті бітеу*
- Тіс қатарының әсемдігін қалыптастыру*

Реставрацияның түрлері

Тікелей

Жанама

*Тікелей-бұл тікелей пациент аузында
жаңа тісті сәлмен қататын
реставрациялық материалдан жасау.*

Ерекшеліктері:

- Бір уақытта жасау. Яғни пациент тіссіз келіп кету уақыты бір күнде, 6-8 сағатта.
- Пациент шыдамдылығы талап етіледі.
- Реставрацияға қолданылатын материалдар-композиттер олар сәулемен қатады.

Жанама-бұл қалып алынып жасалынады, тістер тіс техникалық лабораторияда жасалынады.

Ерекшеліктері:

-Оны жасау үнемі екі кезеңнен өтеді.

1.Тістерді дайындау,қалып алу,уақытша пластмассалы құрылым жасау.

2.Дайын тісті фиксациялау.Осы екі этап арасында белгілі күндер өтеді.

-Керамика қолданылады.Керамика бүкіл әлем мойындаған реставрациялық материал.Оны тікелей реставрация жасау мүмкін емес.

-Пациент аз күш жұмысайды.

-Керамика мен композит арасындағы аралық аралақ материал-керомер қолданылады.

Реставрация келесі ретпен жүреді:

- Матрица қою
- Композиттік материалды қою
- Оның дұрыс қатаюы
- Реставрацияның бетін өңдеу
- Тіс сауытын соңғы рет өңдеу
- Мәрелік өңдеу

Матрица қою:Бұл 2,3,4 клас бойынша тіс жегі қуыстарын қалпына келтіру үшін. Матрицаны тіске берік орналастыру керек.Матрица әрқашан да қызылиек маңында дұрыс орналаса бермейді. Мұндай кезде матрица мен көршілес тістер арасына ағаш сына қойылады. Ескерте кететін жағдай:матрица мен ағаш сынаны қойғанда қызылиек қанауы мүмкін.

Композитті қою:

Композитті қою үшін тегістегішті қолданамыз.

Материалды қою үшін ыңғайлы болу үшін арнайы шприцтегі немесе капсуладағы материалдар қолданылған жөн.